Әділет

# Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 24 шілдедегі № 281 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 шілдеде № 6295 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1 және 2 қосымшаларына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019-2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электронды түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Ақтөбе облысы әкімінің міндетін атқарушы* | *Қ. Бекенов* |

Ақтөбе облысы әкімдігінің<br>2019 жылғы "____" ________<br>_____ қаулысына<br>1 қосымша<br>Ақтөбе облысы әкімдігінің<br>2019 жылғы "24" шілдедегі<br>№ 281 қаулысына 1 қосымша

## Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019 -2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1 қосымша – жаңа редакцияда Ақтөбе облысы әкімдігінің 18.09.2019 № 362 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

| № | Білім беру саласының коды және атауы | Жоғары білім берудің даярлау бағытының коды және атауы | 2019-2020 оқу жылына бөлінетін мемлекеттік тапсырыс көлемі | Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығын (мың теңге) | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | |
| | | | | Ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында | Басқа жоғары білім беру ұйымдарында |
| 1 | 6В09 Ветеринария | 6В091 Ветеринария | 11 | | 349,4 |
| 2 | 6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар | 6В021 Өнер | 3 | 635,8 | |
| | | 6В022 Гуманитарлық ғылымдар | 8 | 635,8 | |
| 3 | 6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары | 6В073 Сәулет және құрылыс | 4 | | 635,8 |
| 4 | 6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар | 6В081 Өсімдік шаруашылығы | 3 | | 635,8 |
| | | 6В082 Мал шаруашылығы | 3 | | 635,8 |
| | | 6В085 Жерге орналастыру | 2 | | 635,8 |
| 5 | 6В01 Педагогикалық ғылымдар | 6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау | 5 | | 443,3 |
| | | 6В015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау | 13 | | 443,3 |
| | | 6В013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау | 16 | | 443,3 |
| 6 | 6В10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру ( медицина) | 6В101 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру ( медицина) | 10 | | 609,0 |
| 7 | 7R09 Денсаулық сақтау (медицина) | | 22 | | 815,5 |
| | Барлығы | | 100 | | |

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2019 жылғы "____" ________
_____ қаулысына
2 қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2019 жылғы "24" шілдедегі
№ 281 қаулысына 2 қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2019 -2020 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Ескерту. 2 қосымша – жаңа редакцияда Ақтөбе облысы әкімдігінің 18.09.2019 № 362 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

| № | Білім беру саласының коды және атауы | Жоғары білім берудің даярлау бағытының коды және атауы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | 6 B 0 1 Педагогикалық ғылымдар | 6B011 Педагогика және психология |
| | | 6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы |
| | | 6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау |
| | | 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау |
| | | 6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау |
| | | 6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау |
| | | 6B018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі мамандарын даярлау |
| | | 6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау |
| 2 | 6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 6B061 Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар |
| | | 6B062 Телекоммуникациялар |
| 3 | 6B07 Инженерлік, өндеу және құрылыс салалары | 6B071 Инженерия және инженерлік іс |
| | | 6B072 Өндірістік және өңдеу салалары |
| | | 6B073 Сәулет және құрылыс |
| | | 6B075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) |
| | 6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар | 6B081 Агрономия |
| | | 6B082 Мал шаруашылығы |
| | | 6B083 Орман шаруашылығы |
| | | 6B085 Жерге орналастыру |
| | | 6B086 Су ресурстары және суды пайдалану |
| | Барлығы | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК